

БЕКІТЕМІН

«Қараганды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

Б.Х. Абдикерова
«10» Н 2022 ж.

Балалар музыка және өнер мектептерінің, колледждердің музикалық бөлімдері педагогтерінің орындаушылық шеберліктерінің «ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» атты VII аймақтық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Аймақтық «Шабыт шаттығы» байқауы (бұдан әрі - Байқау) Қараганды облысының қосымша білім беру педагогтері қауымдастырының жұмысы аясында музикалық бағыттағы педагогтердің облыстық әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1.2 Ереже Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің, колледждердің музикалық бөлімдері педагогтерінің арасындағы орындаушылық шеберліктерін және байқаудың мақсаты мен міндетін, байқауды өткізу тәртібін, женімпаздарды бағалау, марапаттау критерилерін белгілейді.

1.3 Байқауды ұйымдастырушылар: Қараганды облысының білім басқармасы, Қараганды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қараганды қаласының «№ 1 Балалар музыка мектебі» КМҚК.

1.4 Байқау 2022-2023 оқу жылында оффлайн форматта өткізіледі:

- **2022 жылдың 21 - 25 қарашасы** аралығында «Жеке орындаушылар» (академиялық, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән) номинациясында педагогтердің өтінімдерін, байқау материалдарын қабылдау жүргізіледі. **2022 жылдың 29 қарашасында** байқау қатысушыларын тыңдау өтеді.
- **2023 жылдың 10 - 25 ақпан аралығында** «Ансамбльдер» (аспаптық, вокалдық) номинациясында педагогтердің өтінімдерін, байқау материалдарын қабылдау жүргізіледі. **2023 жылдың 21 ақпанында** байқау қатысушыларын тыңдау өтеді.
- **2023 жылдың 10 - 20 сәуір аралығында** «Жеке орындаушылар» аспапта орындау (фортециано, гитара, қазақ халық, орыс халық аспаптары, үрмелі, ішекті,

Бағыт

соқпалы астаптар және т.б.) номинациясында педагогтердің өтінімдерін, байқау материалдарын қабылдау жүргізіледі. **2023 жылдың 19 сәуірінде** байқау қатысушыларын тыңдау өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеті

2.1 Мақсаты: балаларға қосымша білім беру үйымдарының педагог-музыканттарының кәсіби әлеуетін қолдау, педагогтің оң имиджін қалыптастыру.

2.2 Міндеті:

- өнер мектептері мен балалар музика мектептеріндегі педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және ынталандыру.
- өнер мектептері мен балалар музика мектептері педагогтерінің өзара істәжірибе алмасуы.

3. Байқау қатысушылары

3.1 Байқауға өнер мектептері мен музика мектептерінің, колледждердің музикалық бөлімдерінің педагогтері келесі номинациялар бойынша қатысады:

- «Жеке орындаушылар» - жеке орындау (академиялық, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән айту); концертмейстерді бағалаумен немесе концертмейстерді бағалаусыз; аспапта орындау (фортепиано, гитара, қазақ халық, орыс халық аспаптары, үрмелі, ішекті және соқпалы аспаптар және т.б.)
- «Ансамбльдер» (кіші құрам-дуэттер, трио, квартеттер және т.б. 16 адамға дейін, концертмейстер- ансамблге қатысушы ретінде);
- «Колледж педагогы»- Тәттімбет атындағы өнер колледжі мен гуманитарлық колледждің музикалық бөлімдерінің оқытушылары үшін;
- «Педагог-концерттік орындауши» (К. Байжанов атындағы концерттік бірлестікте, музикалық комедия академиялық театрында жұмыс істейтін педагогтер үшін)

3.2 «Жеке орындаушылар» номинациясында жас ерекшіліктері: 1санат - 35 жасқа дейін (қоса алғанда), 2 санат - 35 жастан жоғары.

4. Байқауды үйымдастыру және өткізу

4.1 Номинациялар бойынша байқау материалдары 1.4-тармакта көрсетілген мерзімде жіберіледі.

4.2 «Шабыт шаттығы» орындаушылық шеберлік байқауы номинациялар бойынша 1.4-тармакта көрсетілген мерзімде Қарағанды қаласы «№1 Балалар музикалық мектебі**» КМҚҚ ЮНЕСКО клубы базасында өтеді.**

4.3 Байқауға қатысу үшін өтінімдер (1-қосымша) shabytkrg2020@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

4.4 Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы алуға болады:

8 705 5412128 - Калмагамбетова Айгуль Хамзеевна;

8 747 773 77 61 - Бермичева Анастасия Владимировна.

4.5. Байқауға қатысуға өтінімдер (берілген үлгі бойынша) қалалық, аудандық білім бөлімі басшының қолымен бекітілген нұсқада қабылданады.

5. Байқауға қатысуышыларға қойылатын бағдарламалық талаптар

5.1 Байқауға қатысуышылар екі түрлі жанрдағы шығарма орындаиды. Орындалатын шығарма деңгейі БММ, БӨМ музикалық-орындаушылық бөлімі түлегінің деңгейінен төмен болмауы тиіс. «Колледж педагогы» - колледждің 3-4 курс студентінің деңгейінен төмен болмауы тиіс.

5.2 Бағдарламаның дыбысталу уақыты - **7 минутқа дейін**.

5.3 Байқау бағдарламаны ноталар бойынша орындауға тек концертмейстерге рұқсат етіледі.

5.4 Егер бір шығарма концертмейстердің сүйемелдеуімен орындалса, ал екіншісі – концертмейстердің сүйемелдеуінсіз орындалса концертмейстер бағаланбайды.

5.5 Орындалатын конкурстық бағдарламаға өзгерістер байқау басталғанға дейін 5 күннен кешіктірілмей енгізілуі мүмкін.

5.6 Барлық тындаулар көпшілік алдында өткізіледі.

5.7 Қатысуши шығармаларды орындау тәртібін дербес анықтайды.

6. Байқауды бағалау критерилері мен өткізу шарттары

6.1 Байқауға қатысуышыларды бағалау критерилері:

- орындау шеберлігі мен әртістігі;
- дауыс ырғағының тазалығы мен әуезділігінің сапасы
- техникалық шеберлігінің деңгейі
- музикалық мәтінді білуі
- сахнаға бейімділігін көрсете білуі
- өнер көрсетудің эмоциялығы мен мәнерлілігі
- мазмұн мен музикалық форма бейнесінің бірлігі
- көркем бейненің тұтастығы
- сахна мәдениеті (конкурсқа қатысуышының сырт келбеті, сахнада өзін-өзі үстай білуі)
- репертуарды таңдай білуі

6.2 Байқауды өткізу шарттары:

- байқауда орындау реттілігі өтінімдердің түсіне қарай жүргізіледі;
- әділқазылар қатысуышылардың өнерін 10 ұпайлық жүйемен бағалайды;
- қатысуышыларға аудитория және алдын ала ұсынылған кесте бойынша жаттығуға уақыт беріледі;

- байқаудың тікелей өтетін жерінде акустикалық және техникалық дайындық 3 минутқа дейін шектелуі мүмкін;
- қорытындылар шығарылып, қазылар алқасының хаттамасына қол қойылғаннан кейін Байқау нәтижелері марапаттау рәсімінде жарияланады;
- байқау қорытындылары түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды;
- Байқау қорытындысы ҚОББДОӘО umckrg.gov.kz сайтында орналастырылады;
- ұйымдастыру комитеті қатысушыны, шығармашылық ұжымды, басшыны байқаудың ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны, Тәртіпті бұзғаны және ұйымдастыру комитетіне, қазылар алқасы мүшелеріне және байқау қатысушыларына қатысты бейәдепті мінез-құлқы үшін шеттетуге құқылы;
- **2021-2022 оқу жылындағы** «Шабыт шаттығы» балалар музыкалық мектептері мен өнер мектептерінің оқытушылары арасында өткізілген орындаушылық шеберлік байқауының **I дәрежелі, Бас жүлде** иегерлері мен лауреаттары қонақ ретінде шақырылады;
- іссапар шығындары жіберуші тарапының есебінен.

7. Қорытынды шығару және марапаттау

7.1 Байқауды кәсіби қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасының құрамы Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер қайраткерлерінен тұрады.

7.2 Әр номинация бойынша және жас ерекшеліктеріне сәйкес әр топтан қазылар алқасы **Бас жүлде** және I,II,III дәрежедегі лауреаттарды айқындайды.

1 қосымша

**«ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ»
байқауына қатысуға өтінім**

1. Қатысушының Т.А.Ә. немесе ансамблдің атауы
(толық) _____
2. Аймақ, білім беру ұйымы _____
3. Номинациясы (аспап немесе ансамблдің атауы) _____
4. Жас ерекшелігі
(35 жасқа дейін, жеке орындаушылар үшін 35 жастан жоғары) _____
5. Концертмейстердің Т.А.Ә.(толық)
(«концертмейстерді бағалаумен»; «концертмейстерді бағалаусызы» деп
көрсетілуі керек)
6. Орындалатын шығармалар _____

7. Шығарманы жалпы орындау уақыты _____
8. Қатысушының ұялы телефоны (WhatsApp) және әл.мекенжайы _____

Білім бөлімінің басшысы(қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Күні және жіберуші тараптың мөрі